

# ЗАҚЫРЫБЫ

Басты бет / Заңнама / Заңнама

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы"  
Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007.06.04. N 258 Заңымен.

[← Қайта оралу](#)

*Ескерту. Актінің нысаны мен тақырыбы өзгерді, кіріспе алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.07. N 112 Заңымен.*

### I Тарау

#### Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары:

- 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы;
- 2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы;
- 3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні болып табылады.

2-бап. Мыналар бекітілсін:

- 1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының бейнесі (сызба және түрлі-түсті бейнелері қоса беріледі).
- 2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі (ақ-қара және түрлі-түсті бейнелері қоса беріледі).
- 3) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гимнінің музыкалық редакциясы мен мәтіні (қоса беріледі).

3-бап. Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүрген адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін қастерлеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін қорлауға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

### II Тарау

#### Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы

4-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы - ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті матада. Туды сабының тузында үлттық өрнек нақышталған тік жолақ көктеп өтеді. Күн.

шұғыла, қыран және өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының қатынасы - 1:2.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен оның бейнесі, көлемдеріне қарамастан, Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында сақтаулы түрған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы эталонының түрлі-түсті және сызба бейнелеріне дәлме-дәл сәйкес келуге тиіс.

**5-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мынадай жерлерде тігіледі немесе орнатылады:

1) Қазақстан Республикасы Президенті Резиденциясының, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, мәслихаттарының, жергілікті атқарушы органдарының ғимараттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дипломатиялық және сауда өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің ғимараттарында - ұдайы;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің кабинетінде, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісінің сессия (бірлескен және бөлек) отырыстары, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары Бюроларының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырыстары, Қазақстан Республикасы мәслихаттарының сессиялары өтетін залдарда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің отырыс залында, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, оның алқалары мен басқа да соттарының сот мәжілісі залдарында, сондай-ақ дүниеге келген нәрестелерді және некені салтанатты түрде тіркейтін орын-жайларда - ұдайы;

3) егер бұл халықаралық құқық нормалары мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген болса, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары тәрағаларының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және олардың өкілетті өкілдерінің қатысуымен халықаралық форумдар өтетін ғимараттарда немесе орын-жайларда;

4) ресми адамдар ретінде Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының тәрағалары, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мінген теңіз кемелерінде, ішкі жүзу кемелерінде және басқа да қатынас құралдарында;

5) белгіленген тәртіппен тіркелген кемелердің бұлқынындағы ту ретінде;

6) Қазақстан Республикасының әскери корабльдері мен кемелерінде - әскери жарғыларға сәйкес;

7) Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштерінің, Республикалық ұланының әскери құрамалары мен бөлімшелерінде - ант қабылдау кезінде;

8) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ғимараттарында Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі күні және мереке күндері.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының бейнесі Қазақстан Республикасының әуе кемелерінде орнатылады.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының өзге де реттерде міндettі түрде тігілуі немесе орнатылуы көзделуі мүмкін.

**6-бап.** Ұлттық азаға байланысты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы тұғырдың биіктігінің жарты деңгейіне ұлттық аза тұту мерзімі бойына төмен түсіріледі.

### III Тарау

#### Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы

**7-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында көгілдір тұс аясында шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәуле сіндей тарап уықтар шанышылған, оны аңыздардағы пырақтар қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбаның төменгі жағында "Қазақстан" деген жазу бар.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының түрлі-түсті бейнесі екі түрлі: алтын және көгілдір-көк түсті болады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының көшірме бейнесі, көлеміне қарамастан, Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында сақтаулы тұрган Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы эталонының түрлі-түсті немесе ақ-қара бейнесіне дәлме-дәл сәйкес келуге тиіс.

**8-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі:

1) Қазақстан Республикасы Президенті Резиденциясының, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, ғимараттарында, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Соты мен басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурының ғимараттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Қазақстан Республикасының Қарулы Құштері мен Республикалық ұланының құрамалары мен бөлімдерінің штабтарының, Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің ғимараттарында;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің кабинетінде, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының сессия (бірлескен және бөлек) отырыстары, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары Бюроларының, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен оның Төралқасының отырыстары, Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының сессиялары өткізілетін залдарда, Конституциялық Кеңестің отырыс залында, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, оның алқалары мен басқа да соттарының сот отырысы залдарында, дүниеге келген нәрестелерді және некені салтанатты түрде тіркеу орындарында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік және үкімет наградалары тапсырылатын орын-жайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің қабылдау залдарында;

3) Қазақстан Республикасының Президенті мен оның  
Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, оның  
Палаталары мен олардың аппараттарының, Қазақстан  
Республикасы Парламентінің Палаталары Бюроларының,  
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Премьер-Министр  
Кеңесінің, Қазақстан Республикасы министрліктерінің,  
мемлекеттік комитеттері мен өзге де атқарушы органдарының,  
Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын  
және есеп беретін мемлекеттік органдардың, Қазақстан  
Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Соты мен  
басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Бас  
Прокуратурасының, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері  
мен Республикалық ұланының әскер құрамалары мен  
бөлімдерінің, мәслихаттардың, жергілікті атқарушы органдардың,  
Қазақстан Республикасының заңдарымен мөрлерінде және  
құжаттарының бланкілеріне елтаңбаның бейнесін орналастыру  
құқығы берілген мөрлерінде және құжаттарының бланкілерінде;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан  
Республикасының Парламенті мен Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі  
мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ресми  
басылымдарында;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкноттары мен  
тиын ақшаларында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік  
ақшалай-заттай лотерея билеттерінде;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке күелігі мен  
төлқұжатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының  
азаматтарына берілетін басқа да төлқұжаттарда;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына  
орнатылатын шекара бағаналарында орналастырылады.

Қазақстан Республикасының заңдарымен Қазақстан  
Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнесінің көшірмесін  
орналастырудың басқа да реттері көзделуі мүмкін.

*Ескерту. 8-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының  
1997.06.30. N 141 Заңымен .*

#### IV Тарау

##### **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні**

**9-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні:

1) Қазақстан Республикасы Парламентінің сессияларын ашу  
және жабу кезінде;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі мен  
Қазақстан Республикасында атальып өтетін мерекелік күндерге  
арналған салтанатты жиналыштар мен отырыстарды ашу және  
жабу кезінде;

3) қазақ мемлекеттік теледидары мен радиохабары беретін  
хабарларда - Жаңа жыл түні 24.00 сағатта; Қазақ мемлекеттік  
теледидары хабарларында - Қазақстан Республикасының Ұлттық  
мерекесі күнгі бағдарламасының басында - 25 қазанды, мереке  
күндері - 1, 2-қаңтарда, 8-наурызда, 22-наурызда, 1-мамырда, 9-  
мамырда, 30-тамызда, 16-желтоқсанда; қазақ мемлекеттік  
радиохабары беретін хабарларда - күн сайын республикалық  
бағдарламаның бастауы мен аяқталуы кезінде;

4) Қазақстан Республикасы халқының өміріндегі аса маңызды  
тариhi оқиғаларды атап өту құрметіне ескерткіштер, монументтер,  
құлпытастар мен өзге де құрылыштарды ашу кезінде;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктері мен өзге де үйымдары өткізетін дәстүрлі рәсімдер, салтанатты іс-шаралар кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы көтерілген кезде;

6) Қазақстан Республикасына ресми сапармен келген шет мемлекеттердің мемлекет басшыларын, парламенттері мен үкіметтерінің басшыларын қарсы алу және шығарып салу кезінде - тиісті шет мемлекеттің Мемлекеттік гимні орындалғаннан кейін;

7) жоғары, орта арнаулы оқу орындарында, жалпы білім беретін орта мектептерде - жаңа оқу жылының басталуы мен оқу жылының аяқталуына арналған рәсімдер, сондай-ақ өзге де салтанатты іс-шаралар кезінде орындалады.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гимнің міндettі түрде орындалуының басқа да реттері белгіленуі мүмкін.

**10-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін оркестр, хор, хор-оркестр не өзге де әншілер мен сазды аспаптар орындаі алады. Бұл ретте дыбыс жазу құралдары қолданылуы мүмкін.

Әншілер мен әншілер-сазды аспаптар орындаған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні толық орындалады, ал сазды аспаптар орындаған жағдайда Гимнің ішінера орындауға жол беріледі - оның әуені мен қайырмасы бір дүркін орындалады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні оның мәтінімен және музыкалық редакциясымен дәлме-дәл сәйкестікте орындалуға тиіс.

**11-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні көпшілік алдында орындалған кезде қатысушылар Гимнің орнынан тұрып, оң қолының алақанын омырауының сол жағына қойып тыңдайды.

Қазақстан Республикасының органдары мен үйымдары шет мемлекеттер аумағында іс-шаралар өткізген кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгілеген ережелерге сәйкес, олар болған елдің қалыпты практикасы мен жергілікті әдет-ғұрыптары ескеріле отырып орындалады.

*Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.07. N 112 Заңымен.*

**12-бап.** Мемлекеттік нышандардың осы Конституциялық заңмен реттелмеген бөлігінде әскери бөлімдерде, әскери корабльдер мен кемелерде, ұлттық қауіпсіздік органдары мен құқық қорғау органдарында, сондай-ақ спорт жарыстары өткізілген кезде қолданылу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

*Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.07. N 112 Заңымен.*

**13-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін дәлме-дәл орындауды бақылау Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, сондай-ақ үйымдарының басшыларына жүктеледі.

**V Тарау**  
**Жалпы ережелер**

**14-бап.** Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасы облыстарының, республикалық маңызы бар